

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы

«Сот сараптамасы» пәнінің
СИЛЛАБУСЫ

3 курс к/к, 4 курс, қ.б, 5, 7 - семестр, күзгі, кредит саны -3

БЕКІТІЛГЕН

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде
№ ___ хаттама « ___ » _____ 2012ж.
Факультеттің деканы з.ғ.д., профессор
_____ Байдельдинов Д.Л.
« _____ » _____ 2012 ж.

Лектордың аты-жөні: Сатыбалдинов Джамбыл Дүйсебаевич

Телефон: 87017135378

e-mail: bumerang_60@mail.ru

каб. 415

Семинар сабағын жүргізетін оқытушының аты-жөні: Арын Айжан Арынқызы

Телефон: 87016151849

e-mail: Aizhan_moon777@mail.ru

каб. 415

Пәннің пререквизиттары: сот сараптамасы пәнін толық оқып меңгеру үшін қылмыстық құқық цикліндегі пәндерді: қылмыстық құқық, қылмыстық-процесуалдық құқық, құқық қорғау органдары және криминалистикалық техниканы оқулары керек.

Пәннің постреквизиттері: сот сараптамасының материалдарын жетік меңгеруге криминалистикалық тактика және жекеленген қылмыстарды тергеу әдістемесі бойынша білімдерінің білуі қажет. Осы білімдердің жиынтығы кейіннен криминалистикадан арнайы практикум сабағында бекітеледі.

Курстың сипаттамасы: Сот сараптамасы қылмыстарды тергеу кезінде арнаулы танымды ғылыми зерттеу нысаны ретінде қылмыстық істің жағдайларын мүдделі емес білгір тұлғалардың – сарапшылардың сот дәлелдемелері түріндегі фактілі мән-жайларды анықтау мақсатымен зерттеуі. Бұл пән ғылыми негізде алынған дәлелдемелерді қолданып тергеуді жүргізу кезінде қылмыстардың объективті және тез арада ашылудың алғышартты болып табылатын кәсіби дағдының қалыптасуын оқытады.

Пән курсының мақсаты мен міндеттері:

Болашақ заңгерлерге арнайы білімді сот сараптамасы түрінде сот өндірісінде қолдануға үйрету.

Оқу барысында студенттерді сот сараптамасы түсінігі және оның түрлерін топтастыру жүйесімен, сот сараптама органдарымен және олардың қызметін ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты қарастырып, сот сараптамасының негізгі түрлерінің жаңа мүмкіндіктерімен таныстырып, сондай-ақ оларға сараптамаға дайындық жұмысын жүргізу, сарапшының қорытындысына баға беру деген сияқты т.б. сұрақтарды шешуге толық мағлұмат беру.

Осы пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент білуі тиіс:

- 1) нормативтік құқықтық актілерді заң тұрғысынан дұрыс пайымдау, қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- 2) студенттер криминалистика пәнінен алынған білімдерін тәжірибеде, яғни қылмыстық істі тергеу мен ашу барысында дұрыс, орынды, тиімді қолдана білуге үйрету;

- 3) фабула бойынша қылмыстық істі қозғаудан бастап айыптау қорытындысына дейін тергеуші ретінде тергеу жүргізуге үйрету;
- 4) іс бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің тактикалық әдіс-тәсілдеріне қатысты ұсыныстарды тиімді, орынды қолдануға, процессуалдық жағынан ережелердің жүзеге асыру негіздерін оқып үйрену;
- 5) қылмыстық істің материалдарын, тергеу әрекеттерінің нәтижелерін дұрыс бекітілуін меңгеруіп оқу.

жасай білуі тиіс:

- танымның ғылыми әдістерін пайдалануды;
- фабула бойынша қылмыстық істі қозғаудан бастан айыптау қорытындысына дейін тергеуші ретінде тергеу хаттамаларын толтыра білуге;
- Осы курсты оқу барысында сабақтардың негізгі нысандары: дәрістер. ЖОО-нда оқудың ерекшелігі – орта білім алу процессіне қарағанда, жоғарғы білім алу процессі – ол дербес өзіндік білім алу. Семинар сабақтарға дайындалу оқу материалын игерудің негізгі нысаны болып табылады.
- Сабақтарда студенттің белсенділігі пән бойынша өз білімдерін тереңдетуге, қайнар көздермен дербес жұмысты атқару, дайындалып дәлелді баяндама жасау, дискуссияға қатысып өз пікірлерін негіздеу дағдыларын алуға мүмкіншіліктер береді.

Курстың құрылымы:

№	Тақырыптардың атауы	апта	дәрістер	семинар
1.	Сот сараптамасының түсінігі, оның ғылыми, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. Арнайы білімнің ұғымы оның қолдану формалары. Кіріспе дәріс	1,2 апта	4	2
2.	Сот сараптамасын топтастыру Ақпараттық дәріс	3 апта	2	1
3.	Материалдарды дайындау мен сот сараптамасын тағайындау Ақпараттық дәріс	4 апта	2	1
4.	Сот сараптамасын жүргізудің әдістемелік негіздері Ақпараттық дәріс	5 апта	2	1
5.	Қолжазба сараптамасы Ақпараттық дәріс	6 апта	2	1
6.	Құжаттардың техника-криминалистикалық сараптамасы Өзекті дәріс.	7 апта	2	1
7.	Трасологиялық сараптама Ақпараттық дәріс.	8,9 апта	4	2
8.	Баллистикалық сараптама Өзекті дәріс.	10 апта	2	1
9.	Заттар мен бұйымдардың криминалистикалық сараптамасы. Ақпараттық дәріс.	11 апта	2	1
10.	Автотехникалық сараптама Ақпараттық дәріс	12 апта	2	1
11.	Сот сараптамасының басқа да түрлері Ақпараттық дәріс.	13, 14 апта	4	2
12.	Сарапшының қорытындысы және оны тергеуші мен соттың бағалауы Өзекті дәріс	15 апта	2	1
	Барлығы		30	15

--	--	--	--	--

Пайдалануға ұсынылған әдебиеттер тізімі
Нормативті-құқықты актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы
3. Қазақстан Республикасындағы Заңы Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі туралы , 20.01.2010 жыл
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Кодексі
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Кодексі
6. Сот сараптамасы қызметін лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 маусымдағы N 504 Қаулысы
7. Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтиханын тапсыру ережесін, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі аттестациялық комиссиясының сот сарапшыларын аттестациялау ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2005 жылғы 5 тамыздағы N 214 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 11 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3784 "Заң газеті" 2005 жыл 16 қараша N 148(772)
8. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттауды өткізу жөніндегі нұсқаулық
9. Сот-сараптамалық қызметті лицензиялау жөніндегі комиссияның жұмысы туралы Ереже
10. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Сот сараптамасы Орталығы жанындағы біліктілік комиссиясы қызметінің тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Бұйрық 1998 жылғы 16 наурыз N 181 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 27 сәуірде N 509 тіркелді,
11. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының заңы 1998 жылғы 30 желтоқсан.

Негізгі әдебиеттер:

1. Исаев А.А. Теоретические и правовые проблемы применения специальных познаний для квалификации преступлений. Алматы: «Жеті жарғы», 1999.-240с.
2. Бычкова С.Ф. Организация назначения и производства суд.экспертиз. Алматы: «Жеті жарғы» 1999
3. Поврезнюк Г.И. Судебная экспертиза. Алматы: ТОО «Аян Эдет», 1999.-208с.
4. Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском, административном процессе. М.,1996-224с.
5. Аубакиров А.Ф.,Мозговых Г.А.,Шакиров К.Н. Криминалистическое исследование холодного оружия. Метод. разработка. Алма-Ата,КазГУ,1991.-55с.
6. Богодухова Е.Д.,Мозговых Г.А. Подготовка материалов и назначение судебно-технической экспертизы документов. Метод.пособие.Алматы.КазНИИСЭ.1994-42с.
7. Мозговых Г.А. Судебно-трасологическая экспертиза. Метод.разработка. Алма-Ата. КазГУ, 1988-36с.

8. Аубакиров А.Ф., Ким Э. Криминалистическая экспертиза материалов и веществ: Уч. пособие. Алматы. ВШП «Эділет», 2001-222с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Винберг А.И., Малаховская Н.Т. Судебная экспертология / Общетеоретические и методологические проблемы судебных экспертиз: Уч. пособие. Волгоград: ВСШ МВД СССР, 1979, -184

2. Мозговых Г.А. Получение образцов для экспертного исследования / Вестник КазГУ, серия юридическая № 4(13), Алматы, 1999.

3. Мозговых Г.А. Предмет судебной экспертизы / Вестник КазГУ, серия юридическая № 4 (13), Алматы 1999.

4. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза. Учебно-практическое пособие в схемах. Алматы: ВШП «Эділет», 1998. -48с.

5. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики. - Алматы: Аркаим, 2002-288с.

6. Инструкция по производству судебных экспертиз и специализированных исследований в Центре судебной экспертизы МЮ РК. - Алматы: «Жеті жарғы», 2002-372с.

7. Россинская Е.Р. Профессия-эксперт.

8. Исаев А.А. Трасологическая экспертиза механических повреждений одежды. Метод. разработка. Алма-Ата. КазГУ, 1991-48с.

9. Вандер М.Б. Криминалистическая экспертиза материалов, веществ, изделий. - Спб: Питер, 2001-128с.

10. Энциклопедия судебной экспертизы под ред. Т.В. Аверьновой. Е.Р. Россинской. М.: Юрист, 1999. -552с.

Білімді бақылау нысандары:

СӨЖ: 6

Аяққы емтихан: емтихандық сессия кезеңінде.

Жеке тапсырмалар:

СӨЖ дайындалу үшін материалдарды зерделеу кестесі

№	Тақырыптардың атауы және СӨЖ тапсырмаларының мазмұны	тапсыру мерзімі	бақылау нысаны және баллдар
1	Арнайы білімнің түсінігі, сот өндірісінде қолдану негіздері. Аудит, ревизия, соттық емес сараптаманы сот өндірісінде қолдану нысандары	3 апта	3 балл Шығарма Эссе Тұлғалық-бағдарлық
2	Сот сараптамасының түрлері, классификациясы.	5 апта	3 балл Реферат Презентация Тұлғалық-бағдарлық
3	Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы. Сараптаманы тағайындаудың негіздері.	7 апта	3 балл Қаулы Тұлғалық-бағдарлық
4	Автортану сараптамасының түсінігі, объектілері, шешетін мәселелері.	9 апта	3 балл Реферат Жеке жоба Топтық-жобалық

5	Суық қаруды зерттеуге қатысты тағайындалатын сараптама, объектілері, шешетін мәселелері.	12 апта	3 балл Топтық жоба Топтық-жобалық
6	Сот-экономикалық сараптама, түсінігі, пәні, түрлері, қарастыратын мәселелері.	14 апта	3 балл Реферат Тұлғалық-бағдарлық

СӨЖ тапсырмаларына қойылатын талаптар:

Студенттер СӨЖ тапсырмалары силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша жазбаша нысанда дайындалады. Студент тарапынан дайындалған СӨЖ оқытушының офис сағантарында қорғайды. Қорғау кезінде тақырыпты қысқаша түсіндіреді және сол тақырыпқа байланысты оқытушы тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруі талап етіледі.

СӨЖ туралы талаптар:

Тақырыптың негізіне кірмес бұрын студент СӨЖ тақырыбына кіріспе жасайды. Кіріспеде тақырыптың қысқаша тарихына тоқталады, құқықтағы орны мен маңызы қарастырылады. Осыдан кейін негізіне тоқталады. Осы бөлімде тақырыпты жан жақты ашуға тырысады. Осы тақырыпқа байланысты ғылыми пікірлер, тәжірибеге тоқталады. Жұмыста студент тақырып шеңберінде еңбекте қаралған сұрақтарды көрсетіп автордың субъективті позициясын ашуға тиісті. Осыдан кейін барып өзіндік қорытынды жасалады. Қорытынды да тақырыпқа байланысты өзіндік тұжырым, түйіндемелер жасалады.

Студенттер СӨЖ жазу барысында жұмыс бағдарламасында сонымен қатар силлабустарда көрсетілген әдебиеттерді пайдалана алады. Жұмыстың көлеміне байланысты шектеулер жоқ, бірақ тақырыпты жеткілікті дәрежеде ашуы тиіс. СӨЖ орындауда жоспары, мазмұны және қолданылған әдебиет тізімі көрсетіледі. Қолданылған әдебиеттер тізімінде, ғылыми еңбектің аталуы, авторы, баспа атауы, шыққан жері мен жылы көрсетіледі.

СӨЖ мақсаты: тақырып шеңберінде жоспарда көрсетілген сұрақтар бойынша негізделген ғылыми және тәжірибелік қорытындыларды шығару.

СӨЖ нысанының түрлері

- 1. Тақырып сұрағының презентациясы** – студенттің үйде тыңғылықты дайындалып келуі(кестелерді, сызбанұсқаларды, оргтехникалар мен басқа да интерактивті әдістерді пайдалануы)
- 2. Жеке жоба** – сабақ барысындағы оқытушының сұрағына жауап беру, арнайы білімді пайдаланып, өзінің логикалық тұрғыдан көзқарасын негіздеу.
- 3. Пікірталастарға қатысу (іскерлік ойындар)** – студенттің қойылған тапсырма бойынша пікірталастық негіздегі, авторлық позициямен қайнар көздерді меңгеру түріндегі белсенді іс-әрекеті.
- 4. Топтық жоба** – қойылған мәселені талдау бойынша студенттің кең және терең қызығушылығын көрсетіп, танытуы.
- 5. Эссе** – студенттің жіберілген тақырыптар бойынша өз бетінше мазмұндамасын жеткізуі(жазбаша)
- 6. Шығарма** – аудиториялық шектеулі уақыт жағдайында зерттеліп отырған тақырып немесе тақырып циклы бойынша өзіндік, жазбаша шығармашылық материал.

СӨЖ жазбаша нысанда, тақырыпты ашып, негіздеп жазу түрінде тапсырылады және студент тарапынан қорғалады, бұл жайында тапсырма бөлімінде айтылған. СӨЖ тақырыптары төменде белгіленген тақырыптардың алғашқы үшеуі жетінші аптаға дейін оқытушының офис уақыттарында тапсырылады, ал кейінгі екеуі, яғни 4-5 тақырыптар он үшінші аптаға дейін тапсырылады. Кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды.

Силлабуста көрсетілген мерзімнен кейін даярланған СӨЖ қаралмайды.

Реферат. Студентте бір тақырыпты таңдау құқығы бар, осы тақырып бойынша ол материалдарды жинап, қорғау үшін реферат әзірлеу тиіс. Рефераттардың қорғалуы оқытушымен тағайындалған мерзімде өткізіледі (сабақ кестесіне сәйкес).

Рефераттарды дайындау және рәсімдеу бойынша нұсқаулар

Рефератты жазғанда осындай жағдайларға назар аударылады:

Реферат ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ басқа ақпарат көздерінде (интернет, газеттер мен журналдар және т.б.) белгілі өзекті тақырып бойынша жарияланған концепциялардың айқындалуы болып табылады. Рефератта ешқандай жаңалықтың элементтері болуға тиісті емес, бұл жерде бірнеше қайнар көздерінде көрініс тапқан берілген тақырыптағы негізгі идеяларды сауатты айтып беру және оларды әр түрлі көзқарастар бойынша топтастыру жеткілікті болып табылады.

Рефераттың көлемі 5-тен кем емес және 15 баспа беттен артық емес болады. Рефератты Word 6,0 немесе 7,0 (Windows'2000) редакторы пішінде теру керек, бет үлгісі – А4; қаріп (шрифт) түрі – Times New Roman (KZ Times New Roman), қаріп (шрифт) өлшемі – 14.

Мәтінде артық, тақырыптан басқа жаққа алып кететін, керегі жоқ мәліметтер болмау тиіс. Реферат мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестілігі бағалаудың маңызды критеріі болып саналады. Сондықтан рефераттың бас мақсаты ақпарат көздерін толық пайдаланып, авторлардың пікірлерін дұрыс түсіну және жұмыста оларды өзгертпей көрсете білу.

Рефераттың құрылымы қойылған міндеттемелерге байланысты.

Реферат титулдық беттен басталады. Одан кейін мазмұны көрсетіледі. **Мазмұны** рефераттың жоспары болып табылады, бұл жерде әр бөлімнің қасында тиісті беттердің нөмірі көрсетіледі.

Рефераттың мәтіні үш бөлімге бөлінеді, яғни кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделеді, сонымен бірге негізгі мәселелер, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, пайдаланған қайнар көздері сипатталады.

Жұмыстың **негізгі бөлімі** реферат логикалық қатарының басты элементі болып табылады. Ол бірнеше тараудан немесе біртұтас мәтіннен тұрады. Негізгі бөлімде кезегімен, тараулар арасындағы логикалық байланыстың сақталынуымен кіріспеде қойылған мәселесі сипатталады, осы сұрақ бойынша алуан пікірлер көрсетіледі, авторлық көзқарасы негізделеді. Қажет болған жағдайда рефераттың мәтіні суреттер, кестелер мен сызбалармен толықтырылады.

Жұмыстың **қорытындысында** зерттеу жұмысының теориялық мәселелеріне қатысты басты-басты қол жеткен тұжырымдары көрініс табады.

Рефераттың соңында библиографиялық тізімі яғни пайдаланылған әдебиеттер мен басқа қайнар көздерінен тізімі көрсетіледі.

Рефераттың рәсімделенуі де жұмыстың маңызды аспектісі болып табылады, себебі рефераттың дұрыс рәсімделгені қорытынды бағаға ықпал етеді. Өзекті, қызықты жазылған рефераттың құнтсыз рәсімделуі бағаны төмендетуге негіз бола алады.

2. Жазбаша жұмыс. Белгілі бір тақырып немесе бірнеше тақырып, сондай-ақ бүкіл курс бойынша әзірленген сұрақтарға жауап беруге дайындалу.

3. Логикалық тапсырмалар: студенттерге курсының әр тақырыптары бойынша логикалық тапсырмалар ұсынылады. Тапсырмалар ұсынылған әдебиеттердің негізінде жазбаша нысанда орындалады.

4. Баяндама.

Баяндаманы әзірлеу жоспары:

- оқытушымен бірге тақырыпты таңдау;
- базалық оқулық пен оқу-әдістемелік құралы бойынша тақырыпты зерттеу;
- баяндаманың негізгі идеяларын айқындау;
- ұсынылған әдебиетпен танысу;
- баяндаманың жоспарын құру;
- тақырып бойынша негізгі ұғымдарымен сөздіктер мен анықтамалықтардың көмегімен танысу;
- баяндаманың тезистерін әзірлеу;

- мысалдар мен иллюстрацияларды табу, көптеген тақырыптар бойынша Power Point бағдарламасында орындалған презентацияны көрсету баяндаманы жақсы әшекейлейді;
- баяндаманың мәтінің дайындау.

Баяндаманың ұсынылатын ұзақтығы – 10 мин.

Баяндаушының сөздерінен кейін аудиторияның сұрақтарына жауап беру және оқытушының тұжырымдамасы үшін уақыт қалдырылады.

Жариялы баяндаманың құрылымы.

Классикалық риторикада ауызша баяндаманың үш бөлімнен тұратын құрылымы қалыптасқан: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспе талқыланатын тақырыпқа тыңдаушылардың назарын аудару тәсілі. Әдеттей кіріспе баяндама уақытының сегізден бір бөлігін алады.

Негізгі бөлімінде тақырып толығымен ашылып, тиісті мәліметтер және дәлелдер келтіріледі.

Негізгі бөлімінде жиі жіберілетін қателіктерге жатады:

- тақырыптың шегінен шығып кету;
- нақты жоспардың жоқтығы;
- бір сұрақтан басқа сұраққа секіріп кету.

Қорытынды қысқаша және анық болуға тиіс. Сонымен бірге тыңдаушыларға көңіл аударғандары үшін рахмет айтуға болады.

СОӨЖ өткізудің мерзімдері

СОӨЖ ӨТКІЗУДІҢ КЕСТЕСІ

Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
СОӨЖ			*		*		*		*			*		*	
Баллдарың саны			3		3		3		3			3		3	

Қорытынды емтихан

Аралық бақылау (7 апта) алдыңғы дәріс және семинар сабақтарында зерделенген теориялық және тәжірибелік сұрақтар бойынша өткізіледі.

Студенттердің білімін бағалау шкаласы:

Бағаның әріптік эквиваленті	Бағаның сандық эквиваленті	% баллдар	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4	95-100	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	«Жақсы»
B	2,67	80-84	
B-	2,33	75-79	
C+	2	70-74	
C	1,67	65-69	«Қанағаттанарлық»
C-	1	60-64	
D+	-	55-59	
D	-	50-54	
F	-	0-49	
I (Incomplete)	-	-	"Дисциплина не завершена" (Не учитывается при вычислении GPA)
P (Pass)	-	-	"Зачтено" (Не учитывается при

			вычисления GPA)
NP (No Pass)	-	-	"Не зачтено" (Не учитывается при вычисления GPA)
W (Withdrawal)	-	-	"Отказ от дисциплины" (Не учитывается при вычисления GPA)
AW (Academic Withdrawal)	-	-	"Снятие с дисциплины по академическим причинам" (Не учитывается при вычисления GPA)
AU (Audit)	-	-	"Дисциплина прослушана" (Не учитывается при вычисления GPA)
Атт.	-	30-60 50-100	"Аттестован" (Не учитывается при вычисления GPA)
Не атт.	-	0-29 0-49	"Не аттестован" (Не учитывается при вычисления GPA)
R (Retake)	-	-	"Повторное изучение дисциплины" (Не учитывается при вычисления GPA)

Баға қою саясаты:

Пәнді оқып үйрену өткен тақырыптардың барлығын қамтитын тест, ауызша немесе жазбаша нысанында емтихан қабылдаумен аяқталады. Емтиханға жіберу үшін міндетті шарт бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмаларды орындау болып табылады. Дәрістік курстың тақырыптары бойынша жазбаша жұмыстар, СӨЖ шеңберінде қылмыстық құқықтың өзекті проблемалары бойынша сөз жарысы жоспарланған. Қорытынды баға қою кезінде ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойына балдар ескеріледі.

№	Жұмыс түрлері	Баға (max балл)	Саны	Соммасы
1	Дәрістік сабақтар	-	-	-
2	Семинарлық сабақтар	2	15	30
3	СӨЖ	3	6	18
4	АБ 1	6	1	6
5	АБ 2	6	1	6
6	Емтихан			40
	Барлығы			100

Ағымдағы бақылау нәтижелері емтиханға жіберу үшін негіз болып табылады.

Егер студент ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша пән бойынша ең жоғарғы балдың жартысынан төмен (60 %) бал жинаса емтиханға жіберілмейді.

Курстың саясаты және процедурасы

Студенттің міндетіне кіреді: сабаққа күнделікті қатысу, пән бойына тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, әдебиеттермен өзіндік жұмыс жүргізу.

Мезгілінде және толық түрде тапсырмаларды орындаған жағдайда әрбір жұмыс үшін ең жоғары балл қойылуы мүмкін. Аяқталмаған жазбаша жұмыстар саналмайды.

Көтермелеу балдары: 3 балл –

- шығармашылығы үшін;
- оқу процесіне белсенді қатысқаны үшін;
- әртүрлі дереккөздерін пайдаланғаны үшін.

Айып балдары: жалпы санынан 3 балл алынады:

- материалдарды уақытында бермегені үшін;
- жұмысты сапасыз орындау;
- сабақты жіберу;
- сабаққа кешігіп келу.

Студенттің жеке қатысуынсыз қорытынды бақылау жүргізілмейді.

Студент міндетті:

- сабаққа қатысуға;
- сабаққа кешікпеуге;
- СӨЖ орындаған кезде топтың жұмысына және дәрістер мен семинарлық сабақтарға белсенді қатысуға;
- орындаушы болуға
- сабаққа жүйелі түрде дайындалуға
- СӨЖ кестесінде көрсетілген мерзімде тапсырмаларды орындауға;
- негізгі және қосымша әдебиеттерді зерделеуге,
- белгілі бір құқықтық мәселелерін шешкен кезде Жедел іздестіру қызметі заңын және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын талдауға және қолдануға;
- шыдамды, сұхбаттасуға ашық болуға;
- қайтарымды байланыс ұстауға;
- ойлау процесінде өз бетіше болуға ұмытылуға;
- мәні бойынша сөйлеуді үйренуге.

Көмек: өзіндік жұмыстарды орындауға байланысты (СӨЖ) кеңестер алу, оларды тапсыру және қорғау, сондай-ақ өткен материал бойынша және курсқа байланысты басқа да сұрақтармен офис-сағаттар көрсетілген мерзімде оқытушыға жолығуларыңызға болады.

Кафедра мәжілісінде қаралған

Хаттама № 37 « 12 » _____ 06 _____ 2012 ж.

**Қылмыстық құқық, қылмыстық
іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор**

Р.Е. Жансараева

Дәріскер

Д.Д. Сатыбалдинов